

**Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 наурыздағы № 84 "Қазығұрт аудандық бюджетінен қаржыландырылатын аудан, ауыл, ауылдық округтері әкімдері аппараттары мен атқарушы органдардың қызметтік куәлікті беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 12 қаңтардағы № 5 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 13 қаңтарда № 6022 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 қарашадағы Заңына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес, Қазығұрт ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 наурыздағы № 84 "Қазығұрт аудандық бюджетінен қаржыландырылатын аудан, ауыл, ауылдық округтері әкімдері аппараттары мен атқарушы органдардың қызметтік куәлікті беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4059 тіркелген және 2017 жылғы 15 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Қазығұрт ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Қазығұрт ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Р.Е. Тұрғынбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Т. Телгараев*